

Бөкей ордасы ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № 24 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 25 наурызда № 7-4-104 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 8 мамырдағы № 73 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 08.05.2013 № 73 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7, 20-баптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын орындау, сонымен қатар ұйымдардан түскен сұраныстар мен ұсыныстарға байланысты қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және еңбек нарығындағы жағдайды жақсарту мақсатында, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудан бойынша қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. "Бөкей ордасы ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджеттен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
4. "Бөкей ордасы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жұмыс берушілермен бірлесе отырып қоғамдық жұмыстарды келісім-шарт негізінде ұйымдастыру тапсырылсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л. Т.

Қайырғалиеваға

жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Карин

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысы
Бөкейорда ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы, майор
_____Алтаяқов Б. Ж.

19.02.2010 ж.

"Батыс Қазақстан облысы
Бөкей ордасы ауданының
прокуратурасы" мемлекеттік
мекемесі аудан прокуроры,
кіші әділет кеңесшісі
_____Уразбаев С. Д.

22.02.2010 ж.

"Батыс Қазақстан облысының
мәдениет басқармасының Бөкей
ордасы тарихи-мұражай кешені"
мемлекеттік мекемесінің
директоры
_____Махимов Ғ. Т.

22.02.2010 ж.

Батыс Қазақстан облысы білім
басқармасының "N 18 кәсіптік
лицейі" мемлекеттік мекеменің
директоры
_____Таңатов С. Х.

19.02.2010 ж.

Батыс Қазақстан облысы денсаулық
сақтау басқармасының "Бөкей
ордасы ауданының туберкулез
ауруханасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
_____Жанғалиев Н. М.

22.02.2010 ж.

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының "Бөкей ордасы
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
д и р е к т о р ы
-----Ғаббас Ә. У.

22.02.2010 ж.

"Бөкей ордасы аудандық
мемлекеттік мұрағаты"
мемлекеттік мекемесінің
д и р е к т о р ы
-----Сарсенғалиев А. М.

19.02.2010 ж.

"Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі
мемлекеттік инспекция комитетінің
Бөкей ордасы аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
-----Уалиев Л. Ж.

22.02.2010 ж.

"Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі Батыс Қазақстан
облысының әділет департаменті
Бөкей ордасы ауданының әділет
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
-----Жанболатова Ж. Ж.

19.02.2010 ж.

"Қазақстан Республикасы еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
Министрлігінің "Зейнетақы төлеу
жөніндегі мемлекеттік орталығы"
Республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының Батыс Қазақстан
облыстық филиалы Бөкей ордасы

аудандық бөлімшесінің бастығы

-----Қойшекенов Б.

19.02.2010 ж.

"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Қазынашылық комитетінің
Батыс Қазақстан облысы бойынша
Қазынашылық департаментінің
Бөкейорда аудандық қазынашылық
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

-----Закирова Ф. Б.

19.02.2010 ж.

"Нұр Отан" халықтық демократиялық
партия Бөкей ордасы аудандық филиалы
төрайымының бірінші орынбасары
-----Нұралиев А. М.

22.02.2010 ж.

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 9

а қ п а н д а ғ ы

N

2 4

қа у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

1-ҚОСЫМША

Аудан бойынша қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі

1.	"Батыс Қазақстан облысы Бөкейорда ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
2.	"Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі;
3.	"Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасының Бөкей ордасы тарихи-мұражай кешені" мемлекеттік мекемесі;
4.	"Батыс Қазақстан облысының Халыққа қызмет көрсету орталығы" мемлекеттік мекемесінің филиалы Бөкей ордасы ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы;
5.	Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының "N 18 кәсіптік лицейі" мемлекеттік мекеме;
6.	Батыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Бөкей ордасы ауданының туберкулез ауруханасы" мемлекеттік мекемесі;
7.	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Бөкей ордасы аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
8.	"Бисен ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі;

9.	"Бөкей ордасы аудандық демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
10.	"Бөкей ордасы аудандық мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесі;
11.	"Бөкей ордасы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесі;
12.	"Бөкей ордасы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
13.	"Бөкей ордасы ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
14.	"Бөкей ордасы ауданының білім беру бөлімі "Гүлдер" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
15.	"Бөкей ордасы ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
16.	"Бөкей ордасы ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
17.	"Бөкей ордасы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
18.	"Бөкей ордасы ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
19.	"Бөкей ордасы ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
20.	"Бөкей ордасы ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
21.	"Бөкей ордасы ауданының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
22.	"Бөкей ордасы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
23.	"Бөкей ордасы ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі ;
24.	"Бөкей ордасы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
25.	"Бөкей ордасы ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
26.	Бөкей ордасы ауданы білім беру бөлімінің "Балалар саз мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
27.	Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің "Орда" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығындағы);
28.	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Бөкей ордасы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі;
29.	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Батыс Қазақстан облысының әділет департаменті Бөкей ордасы ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі;
30.	"Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Батыс Қазақстан облыстық филиалы Бөкей ордасы аудандық бөлімшесі;
31.	"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Бөкейорда аудандық қазынашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі;
32.	"М.Маметова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесі;
33.	"Мұратсай ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекеме;
34.	"Мұхамед-Салық Бабажанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесі;
35.	"Нұр Отан" халықтық демократиялық партия Бөкей ордасы аудандық филиалы;

36.	"Орда ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі;
37.	"Орда жұлдызы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
38.	"Сайқын ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі;
39.	"Саралжын ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі;
40.	"Темір Масин ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі;
41.	"Ұялы ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі.

А у д а н

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 9

N

2 4

қ а у л ы с ы м е н

2-ҚОСЫМША

ә к і м д і г і н і ң

а қ п а н д а ғ ы

б е к і т і л г е н

Қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері

Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Көлемі мен нақты жағдайлары	Төленетін ақының мөлшері	Қаржы-ландыру көздері
1	2	3	4
Аудан бойынша иесіз қалған объектілерді, ғимараттарды бақылауға алу, күзет жұмыстарын ұйымдастыру шараларды өткізу. Ауыл ішін және мекеме кеңселерін безендіру жұмыстары. Аудан бойынша шегіртке бар жерлерді анықтауға жәрдемдесу. Бу қазандары мен пешке от жағу жұмыстары. Газет-журналдар, хат және жеделхаттарды абоненттерге жеткізіп беру. Елді-мекендердің санитарлық тазалықтарын сақтау, күл-қоқыстарын шығару. Елді-мекендерде орналасқан әлеуметтік мекемелерге уақытша еден жуу, күзет ұйымдастыруға көмек көрсету. Аумақты көгалдандыру (ағаш, гул егу жұмыстары), көркейту және тазалау, саябақтар шаруашылығын сақтау және дамыту жұмыстарына көмектесу. Көлдерді қору, су құбырларын тазарту және ауыз су құдықтарын санитарлық талапқа тазартып ұстау. Құрылыс материалдарын дайындау (қамыс буу, ағаш сүргілеу, саман, пеш тас соғу). Иесіз қалған ғимараттардың құрылыс материалдарын бұзып алу.	Қазақстан Республикасының Еңбек	Қазақстан Республикасының	

Мал азығын және отын дайындау. Малды қолдан ұрықтандыру жұмысын ұйымдастыруға қосымша жәрдемдесу. Малды жұқпалы ауруларға қарсы егуге, қан алуға жәрдемдесу. Мәдени шараларды ұйымдастыруға, мекеме, ұйым, кәсіпорындарда іс-қағаздарын жүргізуге жәрдемдесу. Мүгедек және ауру адамдарға азық-түлік, дәрі-дәрмек әкеліп беру, мүгедек адамдармен, кемтар балалармен жұмыс жүргізу және медициналық сараптау комиссиясына жәрдемдесу. Мектеп жанындағы асханаларға қызмет көрсету. Мекеме аумағында және кеңселерде тазалық жұмыстарын жүргізу. Өз жекеменшік ат-түйе көлігін пайдаланып, тасымал жұмыстарына қатынасу. Спорт алаңдарын жөндеу, сырлау. Тарихи ескерткіштерді жөндеу, қалпына келтіру. Тұрғын үй, әлеуметтік сала объектілерін салу, күрделі және ағымды жөндеу жұмыстарына қажетті жағдайда қосымша көмектесу. Халық және мал санағын жүргізуге көмек көрсету. Фитосанитария, орман ағаштарын сақтау және оларды өртеп, кесіп бүлдіруден қорғау жұмыстары.	Заңдарына сәйкес жұмыс беруші-лермен белгіленеді	Заңдарын-да белгі-ленген ең төменгі еңбекақы мөлше-рінен кем емес	Жергілікті бюджет
--	---	--	--------------------------